

**Қазіргі заманғы
маңызды мәселелер**

**Актуальные проблемы
современности**

**Actual Problems
of the Present**

№2 (52)

**ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ
МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР**

Халықаралық ғылыми журнал

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ
СОВРЕМЕННОСТИ**

Международный научный журнал

**ACTUAL PROBLEMS OF
PRESENT**

The international scientific journal

№2 (52)

Бас редактор

Қ.Б. Аданов, PhD, «Bolashaq» Академиясы, Қазақстан

Бас редактордың орынбасары

А.Л. Шевякова, тарих ғылымдарының кандидаты, «Bolashaq» академиясы, Қазақстан
О. Капранов, PhD, NLA University College, Норвегия

Атқарушы редактор

Б.Р. Хасенов, PhD, «Bolashaq» Академиясы, Қазақстан

Редакциялық алқа

Й. Аурагер	PhD, аға ғылыми қызметкер	Сингапур ұлттық университеті	Сингапур
Е.Ю. Протасова	филология ғылымдарының докторы, профессор	Хельсинки университеті	Финляндия
М.Т. Санчес	PhD, аға оқытушы	Абердин университеті	Ұлыбритания
Б.М. Нурғалиев	заң ғылымдарының докторы, профессор	Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті	Қазақстан
Б. Симонович	заң ғылымдарының докторы, профессор	Крагуевац университеті	Сербия
К.Б. Сарбасова	педагогикалық ғылымдар докторы, профессор, АПСК академигі	І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті	Қазақстан
С. Шахин	PhD	Ақдениз университеті	Түркия
Г.О. Тажигулова	педагогика ғылымдарының докторы, профессор	Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	Қазақстан
Т.А. Данияров	педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор	Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті	Қазақстан
А. Сиянова-Чантурия	PhD	Веллингтон Виктория университеті	Жаңа Зеландия
А.А. Нурумов	экономика ғылымдарының докторы, профессор	Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті	Қазақстан
А.Г. Бутрин	экономика ғылымдарының докторы, профессор	Оңтүстік Орал мемлекеттік университеті	Ресей
И.С. Насипов	филология ғылымдарының докторы, профессор	Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университеті	Ресей
Н.А. Исмаил	PhD	Университи Тун Хуссейн Онн	Малайзия
Е.Б. Касенов	тарих ғылымдарының кандидаты, доцент	«Bolashaq» Академиясы	Қазақстан
А.П. Алексеев	философия ғылымдарының докторы, профессор	М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті	Ресей
Т. Хоссайн	PhD, профессор	Waseda университеті	Жапония
А.Е. Бижкенова	филология ғылымдарының докторы, профессор	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Қазақстан

Жеке мақалалар: © 2026 Автор(лар).

Жариялаушы: «Bolashaq» академиясы» жеке мекемесі / «Bolashaq-Baspa».

Осы шығарылымдағы мақалалар, егер өзгеше көрсетілмесе, Creative Commons Attribution 4.0 International License (CC BY 4.0) шарттары бойынша таратылады.

«Қазіргі заманғы маңызды мәселелер» Халықаралық ғылыми журналы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат Министрлігімен тіркелген (25.09.2015 ж. № 15583-Ж мерзімді баспасөз басылымын есепке қою туралы куәлік).

Басылымның мерзімділігі: тоқсанына 1 рет

Негізгі тақырыптық бағыттары: ғылымның әр түрлі салалары қамтылған. Журнал ғылыми мақалалар, зерттеу материалдарын, хабарламалар, рецензиялар және т. б. жариялайды.

Мақала қайта басылған жағдайда журналға сілтеме жасалу міндетті. Авторлар келтірілген фактілердің, дәйексөздердің, жеке атаулардың, соның ішінде географиялық атаулардың шынайылығына жауапты.

Қазақстан Республикасының аумағында 75319 индексі бойынша тіркелген.

Ресей Федерациясының букаралық коммуникациялар және мәдени мұраны қорғау саласындағы заңнаманың сақталуын қадағалау жөніндегі федералдық қызметі РФ аумағында «Қазіргі заманғы маңызды мәселелер» (Қазақстан Республикасы) халықаралық журналын таратуға рұқсат берілген. 2006 жылғы 6 шілдедегі № 78 РП шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарының өнімдерін таратуға рұқсаттама РФ аумағында № 88044 индексі, "Пресса России" Біріккен каталогында № 000053 индексі бойынша тіркелген.

«Қазіргі заманғы маңызды мәселелер» Халықаралық ғылыми журналы «Ресейлік ғылыми дәйексөз индексі» Ұлттық ақпараттық-талдау жүйесіне (РИНЦ) енгізілген. 18.02.2016 ж. № 75-02 / 2016 шарт

Главный редактор

К.Б. Аданов, PhD, Академия «Bolashaq», Казахстан

Заместитель главного редактора

А.Л. Шевякова, кандидат исторических наук, Академия «Bolashaq», Казахстан

О. Капранов, PhD, NLA University College, Норвегия

Исполнительный редактор

Б.Р. Хасенов, PhD, Академия «Bolashaq», Казахстан

Члены редакционной коллегии

<i>Й. Аурахер</i>	PhD, старший научный сотрудник	Национальный университет Сингапур	Сингапур
<i>Е.Ю. Протасова</i>	доктор филологических наук, профессор	Хельсинкский университет	Финляндия
<i>М.Т. Санчес</i>	PhD, старший преподаватель	Абердинский университет	Великобритания
<i>Б.М. Нургалиев</i>	доктор юридических наук, профессор	Карагандинский университет Казпотребсоюза	Казахстан
<i>Б. Симонович</i>	доктор юридических наук, профессор	Университет Крагуевац	Сербия
<i>К.Б. Сарбасова</i>	доктор педагогических наук, профессор, академик АПСК	Жетысуский университет имени И.Жансугурова	Казахстан
<i>С. Шахин</i>	PhD	Университет Акдениз	Турция
<i>Г.О. Тажигулова</i>	доктор педагогических наук, профессор	Карагандинский университет им. Е.А. Букетова	Казахстан
<i>Т.А. Данияров</i>	кандидат педагогических наук, профессор	Международный казахско-турецкий университет	Казахстан
<i>А. Сиянова-Чантурия</i>	PhD	Виктория университет Веллингтона	Новая Зеландия
<i>А.А. Нурумов</i>	доктор экономических наук, профессор	Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева	Казахстан
<i>А.Г. Бутрин</i>	доктор экономических наук, профессор	Южно-Уральский государственный университет	Россия
<i>И.С. Насипов</i>	доктор филологических наук, профессор	Башкирский государственный педагогический университет	Россия
<i>Н.А. Исмаил</i>	PhD	Университет Тун Хуссейн Онн	Малайзия
<i>Е.Б. Касенов</i>	кандидат исторических наук, доцент	Академия «Bolashaq»	Казахстан
<i>А.П. Алексеев</i>	доктор философских наук, профессор	Московский государственный университет им. М. В. Ломоносова	Россия
<i>Т. Хоссайн</i>	PhD, профессор	Университет Waseda	Япония
<i>А.Е. Бижкенова</i>	доктор филологических наук, профессор	Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева	Казахстан

Отдельные статьи: © 2026 Автор(ы).

Опубликовано Частным учреждением «Академия «Bolashaq»» / «Bolashaq-Baspa».

Статьи в данном выпуске распространяются на условиях лицензии Creative Commons Attribution 4.0 International License (CC BY 4.0), если не указано иное.

Международный научный журнал «Актуальные проблемы современности» зарегистрирован Министерством культуры и информации Республики Казахстан (Свидетельство о постановке на учёт периодического печатного издания и № 15583-Ж от 25.09.2015г.).

Периодичность издания: 1 раз в квартал

Основная тематическая направленность ППИ: разные направления науки. Журнал публикует научные статьи, материалы исследований, сообщения, рецензии и др.

При перепечатке ссылка на журнал обязательна. Авторы несут ответственность за достоверность приведенных фактов, цитат, имен собственных, в том числе географических названий.

Подписка на территории Республики Казахстан по индексу **75319**

Федеральная служба по надзору за соблюдением законодательства в сфере массовых коммуникаций и охране культурного наследия Российской Федерации разрешает распространение международного журнала «Актуальные проблемы современности» (Республика Казахстан) на территории РФ. Разрешение на распространение продукции зарубежных периодических печатных изданий РП № 78 от 6 июля 2006 г. Подписка на территории РФ по индексу 88044 в объединенном каталоге «Пресса России» № 000053

Международный научный журнал «Актуальные проблемы современности» включен в национальную информационно-аналитическую систему «Российский индекс научного цитирования» (РИНЦ) – Договор № 75-02/2016 от 18 февраля 2016 г.

Editor-in-Chief

K.B. Adanov, PhD, «Bolashaq» Academy, Kazakhstan

Deputy Editor-in-Chief

A.L. Shevyakova, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, «Bolashaq» Academy, Kazakhstan
O. Kapranov, PhD, Associate Professor, NLA University College, Norway

Executive Editor

B.R. Khassenov, PhD, «Bolashaq» Academy, Kazakhstan

Editorial Board Members

<i>J. Auracher</i>	PhD, Senior Researcher	National University of Singapore	Singapore
<i>E.Y. Protassova</i>	Doctor of Philology, Professor	University of Helsinki	Finland
<i>M.T. Sánchez</i>	PhD, Senior Lecturer	University of Aberdeen	United Kingdom
<i>B.M. Nurgaliev</i>	Doctor of Law, Professor	Karaganda University of Kazpotrebsoyuz	Kazakhstan
<i>B. Simonovich</i>	Doctor of Law, Professor	University of Kragujevac	Serbia
<i>K.B. Sarbasova</i>	Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Academician of APSK	Zhetysu University named after I. Zhansugurov	Kazakhstan
<i>S. Şahin</i>	PhD	Akdeniz University	Turkey
<i>G.O. Tazhigulova</i>	Doctor of Pedagogy, Professor	E.A. Buketov Karaganda University	Kazakhstan
<i>T.A. Daniyarov</i>	Candidate of Pedagogical Sciences, Professor	Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University	Kazakhstan
<i>A. Siyanova-Chanturia</i>	PhD	Victoria University of Wellington	New Zealand
<i>A.A. Nurumov</i>	Doctor of Economics, Professor	L. N. Gumilyov Eurasian National University	Kazakhstan
<i>A.G. Butrin</i>	Doctor of Economics, Professor	South Ural State University	Russia
<i>I.S. Nasipov</i>	Doctor of Philology, Professor	Bashkir State Pedagogical University	Russia
<i>N.A. Ismail</i>	PhD	Universiti Tun Hussein Onn Malaysia	Malaysia
<i>Y.B. Kasenov</i>	Candidate of Historical Sciences, Associate Professor	«Bolashaq» Academy	Kazakhstan
<i>A.P. Alekseev</i>	Doctor of Philosophy, Professor	Moscow State University named after M. V. Lomonosov	Russia
<i>T. Hossain</i>	PhD, Professor	Waseda University	Japan
<i>A.E. Bizhkenova</i>	doctor of philology, professor	Eurasian national university named after L.N. Gumilyov	Kazakhstan

Individual articles: © 2026 The Author(s).
Published by Private Institution “Bolashaq” Academy / “Bolashaq-Baspa”. Articles in this issue are distributed under the Creative Commons Attribution 4.0 International License (CC BY 4.0), unless otherwise stated.

The international scientific journal «Actual problems of present» was registered by the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan (Certificate of registration of periodicals and № 15583-Ж dated September 25, 2015).

Frequency of publication: quarterly

The main thematic focus : different branches of science. The journal publishes scientific articles, materials of the research, reports, reviews, etc.
When reprinting, a link to the journal is required. The authors are responsible for the accuracy of the facts, quotes, proper names, including geographical names.
Subscription on the territory of the Republic of Kazakhstan on the index 75319

The Federal Service for the Supervision of Compliance with the Law in the Field of Mass Communications and the Protection of the Cultural Heritage of the Russian Federation allows the distribution of the international journal «Actual problems of modernity» (Republic of Kazakhstan) on the territory of the Russian Federation. Permission to distribute products of foreign periodicals of the RF № 78 dated July 6, 2006. Subscription on the territory of the Russian Federation by the index 88044 in the joint catalog "Press of Russia" № 000053

The international scientific journal Actual Problems of Present is included in the Russian Science Citation Index (RSCI), the national information and analytical system, under Agreement No. 75-02/2016 dated February 18, 2016.

МАЗМҰНЫ

Дармодехина Д.

Білім беруді цифрландыру жағдайында жоғары сынып оқушыларының сабақтан тыс іс-әрекеттегі командалық өзара әрекеттесуін педагогикалық фасилитациялау.....7

Губарева М., Смирнова И.

Студент жастардың дене тәрбиесін жетілдірудің қазіргі заманғы тәсілдері.....23

Абдрахманов Р., Исмаилова Р.

Қосалқылар арқылы аналитикалық сөзгерімнің жасалуы.....39

Құмарова Ж., Ақболатов А.

Мектеп бағдарламасындағы көркем шығармаларды оқытуда жиі платформаларын қолданудың әдістемелік мүмкіндіктері.....49

Кенжебек Е.

Қазақ поэзиясындағы дыбыс символизмі мен эмоционалды тон: фоносемантикалық эксперименттік зерттеу.....63

ОГЛАВЛЕНИЕ

Дармодехина Д.

Педагогическая фасилитация командного взаимодействия старшекласников во внеурочной деятельности в условиях цифровизации образования.....7

Губарева М., Смирнова И.

Современные подходы совершенствования физического воспитания студенческой молодежи.....23

Абдрахманов Р., Исмаилова Р.

Аналитическое словоизменение с помощью вспомогательных слов.....39

Кумарова Ж., Акбулатов А.

Методические возможности использования платформ ии в обучении художественным произведениям в школьной программе.....49

Кенжебек Е.

Звуковой символизм и эмоциональный тон в казахской поэзии: фоносемантическое экспериментальное исследование.....63

CONTENTS

Darmodekhina D.

Pedagogical facilitation of team interaction among senior school students in extracurricular activities in the context of educational digitalization.....7

Gubareva M., Smirnova I.

Modern approaches to improving the physical education of student youth.....23

Abdrakhmanov R., Ismailova R.

Analytical inflection using auxiliary words.....39

Kumarova Zh., Akbulatov A.

Methodological potential of using ai platforms in teaching literary works in the school curriculum.....49

Kenzhebek Y.

Sound Symbolism and Emotional Tone in Kazakh Poetry: A Phonosemantic Experimental Study.....63

Мектеп бағдарламасындағы көркем шығармаларды оқытуда жиі платформаларын қолданудың әдістемелік мүмкіндіктері

Жадыра Құмарова^{1}, Айдарбек Ақболатов²*

^{1*}М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ 2-курс магистранты, Орал, Қазақстан. E-mail: zhadirakumarova@gmail.com; ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-4490-8779>

²PhD, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, «Тіл мен әдебиет мұғалімдерін дайындау» БББ қауымдастырылған профессоры, Орал, Қазақстан. E-mail: aidarbek_akbulat@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5507-4144>.

Аннотация

Мақалада мектеп бағдарламасындағы көркем шығармаларды оқытуда жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын қолданудың әдістемелік мүмкіндіктері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – Magicschool.ai, Questgen.ai, Educaplay және Llamagen.ai платформаларының әдебиетті оқыту үдерісіндегі ролін анықтау және олардың педагогикалық тиімділігін ғылыми тұрғыдан талдау. Зерттеу барысында теориялық талдау, салыстырмалы сипаттама, ғылыми әдебиеттерге шолу және әдістемелік үлгілеу әдістері қолданылды. Сонымен қатар цифрлық білім беру ресурстарының функционалдық ерекшеліктері сараланып, олардың оқу мақсаттарына сәйкестігі бағаланды. Талдау барысында аталған платформаларды мектеп бағдарламасындағы көркем шығармаларды оқытуда қолданудың әдістемелік үлгілері ұсынылды. Нәтижесінде жасанды интеллектке негізделген платформалардың оқу үдерісін интерактивті, визуалды және сараланған форматта ұйымдастыруға мүмкіндік беретіні анықталды. Llamagen.ai платформасы көркем мәтін мазмұнын визуализациялау арқылы оқушылардың шығарманы қабылдауын жеңілдетіп, кейіпкерлер мен оқиғаларды тереңірек түсінуге жағдай жасайды. Educaplay интерактивті тапсырмалар мен ойын элементтері арқылы оқушылардың оқу мотивациясын арттырып, сабаққа белсенді қатысуына ықпал етеді. Questgen.ai мәтін негізінде әртүрлі деңгейдегі сұрақтар мен тест тапсырмаларын автоматты түрде құрастырып, білімді тексеру мен қалыптастырушы бағалауды тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ал Magicschool.ai оқу тапсырмаларын саралау арқылы оқушылардың жеке ерекшеліктері мен білім деңгейін ескеруге жағдай жасайды. Зерттеу нәтижелері жасанды интеллект құралдарын әдебиетті оқытуда қолдану оқу үдерісінің тиімділігін арттырып қана қоймай, оқушылардың сыни, аналитикалық және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға, мәтінді терең талдау дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететінін көрсетті. Сонымен қатар мұндай платформалар мұғалімнің әдістемелік жұмысын жеңілдетіп, цифрлық білім беру ортасын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: жасанды интеллект, Magicschool.ai, Questgen.ai, Educaplay, Llamagen.ai.

Методические возможности использования платформ ии в обучении художественным произведениям в школьной программе

Жадыра Кумарова^{1}, Айдарбек Акбулатов²*

^{1*}Магистрант 2 курса образовательной программы «Казахский язык и литература», Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова, Уральск, Казахстан. E-mail: zhadirakumarova@gmail.com. ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-4490-8779>

²PhD, ассоциированный профессор образовательной программы «Подготовка учителей языка и литературы», Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова, Уральск, Казахстан. E-mail: aidarbek_akbulat@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5507-4144>

Аннотация

В статье рассматриваются методические возможности использования технологий искусственного интеллекта (ИИ) при обучении художественным произведениям в школьной программе. Цель исследования – определить роль платформ Magicschool.ai, Questgen.ai, Educaplay и Llamagen.ai в процессе преподавания литературы и научно проанализировать их педагогическую эффективность. В ходе исследования были использованы методы теоретического анализа, сравнительного описания, обзора научной литературы и методического моделирования. Кроме того, были проанализированы функциональные особенности цифровых образовательных ресурсов и оценено их соответствие учебным целям. В результате анализа предложены методические модели применения указанных платформ при изучении художественных произведений школьной программы. Установлено, что платформы, основанные на искусственном интеллекте, позволяют организовать учебный процесс в интерактивном, визуальном и дифференцированном формате. Платформа Llamagen.ai способствует более легкому восприятию художественного текста посредством его визуализации, помогая глубже понять персонажей и сюжет произведения. Educaplay повышает учебную мотивацию учащихся благодаря интерактивным заданиям и игровым элементам. Questgen.ai автоматически генерирует вопросы и тестовые задания различного уровня сложности на основе текста, обеспечивая эффективную проверку знаний и формативное оценивание. Magicschool.ai позволяет учитывать индивидуальные особенности и уровень подготовки учащихся посредством дифференциации учебных заданий. Результаты исследования показали, что использование инструментов искусственного интеллекта в преподавании литературы способствует не только повышению эффективности учебного процесса, но и развитию критического, аналитического и творческого мышления учащихся, а также формированию навыков глубокого анализа текста. Кроме того, такие платформы облегчают методическую работу учителя и способствуют совершенствованию цифровой образовательной среды.

Ключевые слова: искусственный интеллект, Magicschool.ai, Questgen.ai, Educaplay, Llamagen.ai.

Methodological potential of using ai platforms in teaching literary works in the school curriculum

Zhadyra Kumarova^{1}, Aidarbek Akbulatov²*

^{1*}Second-Year Master's Student, Educational Program "Kazakh Language and Literature", M. Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Kazakhstan. E-mail: zhadirakumarova@gmail.com. ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-4490-8779>

²PhD, Associate Professor of the Educational Program "Teacher Training in Language and Literature", M. Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Kazakhstan. E-mail: aidarbek_akbulat@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5507-4144>

Abstract

This article examines the methodological possibilities of using artificial intelligence (AI) technologies in teaching literary works included in the school curriculum. The purpose of the study is to determine the role of Magicschool.ai, Questgen.ai, Educaplay, and Llamagen.ai platforms in the literature teaching process and to analyze their pedagogical effectiveness from a scientific perspective. The research employed theoretical analysis, comparative description, literature review,

and methodological modeling methods. In addition, the functional features of digital educational resources were analyzed, and their compliance with educational objectives was evaluated. The analysis resulted in the development of methodological models for applying these platforms in teaching literary works within the school curriculum. The findings revealed that AI-based platforms enable the organization of the learning process in interactive, visual, and differentiated formats. Llamagen.ai facilitates students' comprehension of literary texts through visualization, helping them better understand characters and plot events. Educaplay enhances students' learning motivation through interactive tasks and gamified activities. Questgen.ai automatically generates questions and test tasks of varying difficulty levels based on textual content, supporting effective knowledge assessment and formative evaluation. Magicschool.ai enables the differentiation of learning tasks according to students' individual characteristics and academic levels. The results demonstrate that the integration of AI tools into literature teaching not only improves the effectiveness of the educational process but also contributes to the development of students' critical, analytical, and creative thinking skills, as well as their ability to conduct in-depth textual analysis. Furthermore, such platforms simplify teachers' methodological work and contribute to the advancement of the digital educational environment.

Keywords: artificial intelligence, Magicschool.ai, Questgen.ai, Educaplay, Llamagen.ai.

1. Кіріспе

Қазіргі уақытта білім беру жүйесі цифрлық трансформация қарқынына ілесіп, оқыту үдерісіне жасанды интеллект технологияларын кеңінен енгізуді талап етуде. Әсіресе гуманитарлық пәндер, соның ішінде, әдебиет жаңа форматтағы цифрлық ресурстарды пайдалану арқылы оқушылардың мәтінді қабылдауын жеңілдетіп, оқыту әдістерін жаңғыртуға бағытталған ауқымды өзгерістерді бастан кешуде. Жасанды интелектіге негізделген Magicschool.ai, Questgen.ai, Educaplay және Llamagen.ai сияқты платформалар мұғалім жұмысының тиімділігін арттырып қана қоймай, көркем шығармаларды визуалды, интерактивті және шығармашылық тұрғыдан меңгертудің жаңа мүмкіндіктерін ашуда. Оқыту мазмұнын өңдеу, тапсырмалар генерациялау, көркем мәтінді визуализациялау, оқушы қызығушылығын арттыру сияқты функциялары әдебиетті цифрлық форматта оқытудың заманауи бағытын айқындайды. Бұл зерттеудің маңыздылығы - жасанды интелектіге негізделген цифрлық платформалардың көркем шығармаларды оқытудағы тиімділігін ғылыми тұрғыдан негіздеп, әдебиетті оқытудың заманауи әдістемесін қалыптастыруында. ЖИ құралдары оқушылардың мәтінді түсінуін жеңілдетіп, олардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытады, ал мұғалімге оқу материалын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан зерттеу нәтижелері әдеби білім беруді цифрландыруға бағытталған теориялық және практикалық тұрғыдан құнды. Сондықтан цифрлық платформалардың көркем шығармаларды меңгертудегі рөлі мен мүмкіндіктерін ғылыми тұрғыдан зерделеу бүгінгі таңда өзекті мәселе болып отыр.

Зерттеудің өзектілігі түрлі авторлардың еңбектерімен де дәлелденеді. ЖИ негізіндегі платформалардың оқыту сапасына, оқушының танымдық белсенділігіне және мазмұнды меңгеру тиімділігіне әсері соңғы жылдары көптеген зерттеулердің басты нысаны болып отыр. Мәселен, А.Ақылбек (2024) жасанды интеллекттің білім берудегі мүмкіндіктерін сипаттай отырып, оның мұғалім жұмысының автоматтануына, оқу материалының жекеленуіне және оқыту тиімділігінің артуына тікелей ықпал ететінін атап өтеді. Ал А.В. Платов пен Ю.И. Гаврилина ЖИ технологияларының білім беру жүйесінде қарқынды дамығанымен, оларды пәндік деңгейде қолдану, әсіресе гуманитарлық пәндерде, әлі де терең зерттеуді қажет ететін сала екенін көрсетеді (Платов, Гаврилина, 2024).

Әдебиетті оқытудағы инновациялық технологиялардың рөлі де бірқатар еңбектерде қарастырылған. Мысалы, А.Ә. Әлімжанова (2021) әдебиет сабағында жаңа технологияларды қолдану оқушының шығарманы терең түсінуіне, эмоциялық қабылдауына және шығармашылық ойлаудың дамуына ықпал ететінін дәлелдейді. Г.Ж. Сейітқалиева (2022)

мектеп әдебиеті сабақтарындағы әдіс-тәсілдер мен инновациялардың оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігін арттырудағы маңызын көрсетсе, С. Бабаева (2020) ақпараттық технологияларды қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қолдану оқу нәтижелерінің сапасын жақсартатынын атап өтеді.

ЖИ технологиялары білім беру жүйесінде кең таралып келе жатқанына қарамастан, Magicschool.ai, Questgen.ai, Educaplay және Llamagen.ai платформаларының specifically көркем шығармаларды оқытуда кешенді қолданылуы ғылыми әдебиеттерде жүйелі түрде қарастырылмаған. Осылайша, біздің анықтауымызша, аталған платформалардың әдеби мәтінді меңгертудегі ықпалы, әдістемелік тиімділігі және педагогикалық мүмкіндіктері осы уақытқа дейін толыққанды зерттеу объектісі болған емес.

Зерттеудің мақсаты – жасанды интелектіге негізделген цифрлық платформалардың көркем шығармаларды оқытудағы рөлін айқындау, олардың функционалдық, әдістемелік және педагогикалық тиімділігін ғылыми тұрғыдан негіздеу. Зерттеу нысаны – ЖИ платформаларының әдебиетті оқытудағы қолданылу ерекшеліктері. Бұл жұмыс алғаш рет аталған төрт платформаны кешенді талдау арқылы әдеби білім беруге цифрлық технологияларды енгізудің теориялық негізін жүйелеуге бағытталады.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы – жасанды интелект құралдарының әдебиет пәнін оқытудағы жаңа әдістемелік моделін негіздеп, цифрлық педагогика мен әдеби білімнің тоғысындағы жаңа ғылыми бағытты қалыптастыруында. Зерттеу мақсаты - жасанды интелектіге негізделген цифрлық платформалардың (Magicschool.ai, Questgen.ai, Educaplay, Llamagen.ai) мектеп бағдарламасындағы көркем шығармаларды оқытудағы рөлін айқындау, олардың функционалдық, әдістемелік және педагогикалық тиімділігін ғылыми тұрғыдан негіздеу.

Зерттеу міндеттері:

1. Magicschool.ai қолдану мақсатын анықтау: оқу процесінде білім алушылардың оқу мотивациясын арттыру және интерактивті тапсырмаларды тиімді ұйымдастыру үшін қалай қолданылатынын зерттеу.

2. Questgen.ai-дің оқу міндетін шешуге көмектесу жолын анықтау: автоматтандырылған сұрақтар генерациясы арқылы оқушылардың білімін тексеру және бекіту үрдісін жетілдіру.

3. Educaplay арқылы білік/дағдыны дамыту: интерактивті жаттығулар арқылы логикалық ойлау, есте сақтау және білімді қолдану дағдыларын қалыптастыру.

4. Llamagen.ai-дің көркем мәтінді қабылдауға әсері: мәтінді визуалды немесе мультимедиа түрде көрсету арқылы оқушылардың мәтінді түсіну және шығармашылық қабылдау қабілетін арттыру.

Зерттеу сұрақтары:

1. Magicschool.ai платформасы оқушылардың мәтінді түсіну, шығармашылық ойлау және интерпретация жасау қабілеттерін дамытуда қандай рөл атқарады?

2. Questgen.ai платформасы оқу материалын меңгеру деңгейін бағалау және оқушылардың аналитикалық дағдыларын дамытуда қалай көмектеседі?

3. Educaplay платформасы интерактивті тапсырмалар арқылы оқушының білік/дағдысын (логикалық ойлау, есте сақтау, білімді қолдану) қалай жетілдіреді?

4. Llamagen.ai платформасы көркем мәтінді визуалды және мультимедиа форматында ұсыну арқылы оқушының мәтінді қабылдау және шығармашылық қабылдау қабілетін қалай арттырады?

Цифрлық педагогика тұрғысынан қарағанда, интерактивті оқыту технологиялары да ерекше маңызға ие. Г. Ермекбаева (2024) жүргізген зерттеуде интерактивті оқыту модульдерінің оқушылардың коммуникативтік дағдылары мен академиялық жетістіктеріне оң әсер ететіні дәлелденген. А.Н. Мұхамеджанова (2020) балалар поэзиясын оқытуда инновациялық-технологиялық тәсілдердің тиімділігін талдай отырып, цифрлық құралдардың оқушының шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтетінін көрсетеді. Бұған қоса, А.М. Тұрсынбаева (2022) ЖИ технологияларын білім беруде қолданудың әдістемелік негіздерін

ұсына отырып, олардың оқу үдерісін жекелендіру мен автоматтандырудағы әлеуетін айқындайды.

К.С. Құдайбергенова (2020) өзінің еңбегінде заманауи білім беру технологияларын және олардың оқу үдерісінде қолданылу жолдарын талдайды. К.Ж. Құдайбергенов (2021) инновациялық педагогика негіздеріне назар аударып, оқыту әдістерін жаңғырту мен педагогикалық инновацияларды қарастырады. Ал «Білім берудегі цифрлық трансформация: әдістемелік құрал» (2022) цифрлық технологияларды нақты оқу процесінде қолдану бойынша практикалық нұсқаулар береді. Үшеуінің де ортақ тұсы – білім беру саласында заманауи технологиялар мен инновацияларды дамытуға бағытталса, айырмашылығы – бірінші еңбек технологиялық әдістерге, екінші – педагогикалық инновацияға, үшінші – практикалық цифрлық құралдарды қолдануға басымдық береді.

Бұл зерттеулердің көпшілігі ЖИ мен цифрлық технологияларды білім беру саласында жалпы қолдану мәселесіне бағытталғанымен, Magicschool.ai, Questgen.ai, Educaplay және Llamagen.ai платформаларының көркем шығармаларды оқытудағы рөлі арнайы, кешенді ғылыми талдау объектісі ретінде қарастырылмаған. Осылайша, аталған платформалардың әдеби білім берудегі функционалдық және әдістемелік мүмкіндіктері, олардың оқушының шығармашылық және аналитикалық қабілеттерін дамытудағы нақты әсері осы уақытқа дейін жүйелі зерттеу нысаны болмаған. Нәтижесінде бұл зерттеу жасанды интеллект платформаларын кешенді талдауға, олардың көркем шығармаларды оқытудағы тиімділігін бағалауға және оқу процесін заманауи педагогикалық әдістермен жетілдіруге мүмкіндік береді.

2. Материалдар мен әдістер

Кіріспеде көрсетілген зерттеу мақсаты мен міндеттерін орындау үшін теориялық талдау, салыстырмалы сипаттама және нақты практикалық мысалдарға сүйене отырып әдістемелік талдау әдістері таңдалды. Теориялық талдау әдебиетті оқытудағы заманауи педагогикалық және цифрлық платформаларға қатысты ғылыми әдебиеттерді зерделеуге мүмкіндік береді. Салыстырмалы сипаттама арқылы Magicschool.ai, Questgen.ai, Educaplay және Llamagen.ai платформаларының функционалдық ерекшеліктері мен педагогикалық әлеуеті салыстырылады. Ал нақты практикалық мысалдар әдісі платформалардың көркем шығармаларды оқытудағы қолданылу тиімділігін, оқушылардың шығармашылық және аналитикалық дағдыларын дамытудағы нақты әсерін көрсетуге мүмкіндік береді. Осы әдістер кешенді қолдану зерттеудің ғылыми негізділігін қамтамасыз етеді және нәтижелердің практикалық мәнін арттырады.

Бұл зерттеу эмпириялық экспериментке емес, теориялық-әдістемелік талдауға негізделген. Жұмыс нақты мектептерде немесе нақты мұғалімдермен/оқушылармен жүргізілген тәжірибелік зерттеуді қамтымайды. Мектеп бағдарламасындағы көркем шығармалар (6–9-сынып) зерттеудің практикалық дерегі ретінде емес, ЖИ платформаларының қолданылу мүмкіндігін көрсетуге арналған иллюстративті материал ретінде пайдаланылды. Мақаланы дайындау барысында жасанды интеллект технологиялары пайдаланылған әдебиеттерді рәсімдеу және библиографиялық деректерді біріздендіру мақсатында қолданылды.

Зерттеу жұмысы 2024–2025 оқу жылы контекстінде, Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептер бағдарламасына сүйене отырып жүргізілді. Платформалардың қолданылуы нақты мектепте апробацияланбағандықтан, талдау гипотетикалық-әдістемелік сипатта ұсынылды: әр платформа әдебиет сабағында қолданылған жағдайда, оның қандай оқу мақсаттарына сәйкес келетінін теориялық тұрғыдан айқындауға бағытталды. Зерттеу барысында теориялық талдау әдісі қолданылып, жасанды интеллект, цифрлық педагогика және әдебиетті оқыту әдістемесіне қатысты отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттер жүйелі түрде зерделенді; салыстырмалы талдау арқылы Magicschool.ai, Questgen.ai, Educaplay және Llamagen.ai платформаларының функционалдық мүмкіндіктері педагогикалық мақсаттарға сәйкестігі

тұрғысынан салыстырылды; сондай-ақ әдістемелік талдау негізінде мектеп бағдарламасындағы шығармаларға сүйеніп, ЖИ құралдарын қолданудың ықтимал әдістемелік үлгілері (тапсырма генерациясы, визуализация, интерактивті жаттығулар) құрастырылды. Аталған үлгілер нақты эмпириялық нәтижелерді көрсетуге емес, платформалардың әдістемелік әлеуетін сипаттауға және оқу үдерісінде қолдану мүмкіндіктерін негіздеуге бағытталды. Осылайша, зерттеудің методологиясы ЖИ платформаларының әдебиетті оқытудағы мүмкіндіктерін ғылыми-теориялық тұрғыдан жүйелеуді және олардың әдістемелік тиімділігін бағалауды мақсат етті.

3. Нәтижелер

Қазіргі білім беру кеңістігінде жасанды интеллектіге негізделген цифрлық платформаларды пайдалану көркем шығармаларды оқыту үдерісін жаңа сапалық деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Аталған платформалар оқу материалын әртүрлі форматта (визуалды, интерактивті, аналитикалық, шығармашылық) ұсыну арқылы оқушылардың мәтінді қабылдау, түсіну және талдау дағдыларын кешенді түрде дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, мұғалімнің әдістемелік қызметін жеңілдетіп, оқу үдерісін жекелендіруге және тиімді ұйымдастыруға жағдай жасайды. Осы тұрғыда зерттеу аясында бірнеше цифрлық платформалардың мүмкіндіктері сараланып, олардың көркем мәтінді оқытудағы қолданылу ерекшеліктері талданды.

Платформалардың сипаттамасы. Llamagen.ai. Бұл платформа мәтін мазмұнын визуализациялауға арналған комикс және иллюстрация генераторы. Мәтіндегі кейіпкерлердің бейнесін, оқиғалардың ретін, атмосферасын көрсете алады. Комикс құру, кадрларды реттеу, стиль таңдау функциялары бар.

Llamagen.ai жасанды интеллект негізіндегі тегін кескін генераторы мен анимацияны ұсынады. Платформа комикстерді жасау процесін жеңілдетіп, жылдамдатады, кейіпкерлердің ретін, композициясын және стилін бақылауға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе көркем шығармаларды оқытуда визуалды материалдар мен интерактивті тапсырмаларды тиімді құрастыруға қолайлы. Ерекшелігі: комикстер мен иллюстрацияларды тез және оңай жасайды, кейіпкерлердің қозғалысы мен эмоциясын бақылайды әрі оқушылардың шығармашылық қабілеті мен қиялын дамытады.

Оқушылар үшін платформа мәтінді терең түсінуге ықпал етіп, кейіпкерлер мен оқиғаларды визуалды түрде қабылдауды жақсартады. Сонымен қатар, сын тұрғысынан ойлауды жетілдіріп, кейіпкерлер мен сюжетті талдауға мүмкіндік береді.

Платформаның артықшылығы – мәтін мен визуалды контентті біріктіре отырып, оқытуды интерактивті және шығармашылыққа негіздеуі. Комикс жасау мен анимацияны қолдану – оқушылардың назарын аударуға және сабаққа қатысуын арттыруға мүмкіндік береді.

Llamagen.ai платформасы 6-сыныпқа арналған қазақ әдебиеті пәнінің «Мен – балаң жарық күнде сәуле құған...» бөліміндегі Оралхан Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесі (Ақтанова, Жүндібаева, Жүмекенова, 2018) бойынша интерактивті комикс жасап, мәтіндегі оқиғаларды визуалды түрде көрсетті. Платформа кейіпкерлердің бейнесін, эмоциясын және оқиғалардың ретін дәл бейнелеуге мүмкіндік беріп, оқушылардың мәтінді түсінуін жеңілдетті. Комикс арқылы көркем шығарманың мазмұны мен кейіпкерлер арасындағы диалогтар көрнекі әрі тартымды форматта ұсынылды, бұл оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Оралхан Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесінің мазмұнын визуализациялау мақсатында Llamagen.ai платформасы арқылы жасалған интерактивті комикс үлгісі 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1. Llamagen.ai платформасы арқылы Оралхан Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесі негізінде жасалған интерактивті комикс үлгісі


Llamagen.ai көркем шығармаларды оқытуда сабақтарды визуалды, интерактивті және шығармашылық тұрғыдан байытады. Мұғалімдерге сабаққа дайындықты жеңілдетсе, оқушыларға мәтінді түсінуді, қиял мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Educarplay. Интерактивті тапсырмалар жасау платформасы. Мұғалімдер кроссворд, сәйкестендіру, тест, пазл, сөзжұмбақ сияқты жаттығуларды дайындай алады. Ray атты ЖИ-көмекшісі мәтін бойынша автоматты тапсырмалар қалыптастырады. Educarplay – білім беру саласында қолданылатын онлайн платформа, ол мұғалімдерге интерактивті тапсырмалар, кроссвордтар, тесттер, сәйкестендіру және ойын формасында оқу материалдарын жасауға мүмкіндік береді. Платформа көркем шығармаларды оқытуда оқушылардың мәтінге қатысты қабілеттерін дамытуға, оқу процесін қызықты әрі белсенді етуге бағытталған.

Ерекшелігіне келсек, біріншіден, Educarplay-да түрлі тапсырма форматтары бар – кроссворд, сөзжұмбақ, сәйкестендіру, толықтыру, тест, пазл, диалогтық жаттығулар. Екіншіден, көркем мәтіннің мазмұнынан сұрақтар мен жаттығулар жасауға мүмкіндік береді. Үшіншіден, мұғалімдерге ыңғайлы редактор арқылы қысқа уақытта тапсырма құруға жағдай жасайды. Төртіншіден, тапсырмалар ойын элементтерімен беріліп, қызығушылықты арттырады. Бесіншіден, платформа кез келген құрылғыдан қол жетімді, дербес немесе топтық жұмыстарға ыңғайлы. Мұғалімге көмегі: Educarplay платформасы сабаққа дайындықты жылдамдатып, мәтінге негізделген интерактивті тапсырмалар мен тесттер жасауға мүмкіндік береді. Бағалау процесін жеңілдетіп, әртүрлі деңгейдегі оқушыларға арналған жекелендірілген тапсырмалар құруға жағдай жасайды. Сабақты ойын және мультимедиялық элементтер арқылы әртараптандырады. Оқушыға көмегі: Educarplay тапсырмалары мәтінді терең түсінуге, аналитикалық ойлауды дамытуға және шығармашылық қабілеттерді жетілдіруге септігін тигізеді. Интерактивті және ойын элементтері оқушылардың мотивациясын арттырады, онлайн тесттер арқылы өзін-өзі бағалауға мүмкіндік береді.

Платформаның артықшылығы – «Ray» атты ЖИ көмекшісі. Ray - Educarplay-да ойындар, тапсырмалар, жаттығулар жасау кезінде қолданылатын жасанды интеллект көмекшісі. Мысалы, кроссворд, сәйкестендіру, викторина сияқты түрлі ойын немесе тапсырмаларды жасау кезінде Ray-ға тақырып, мәтін немесе қажетті сөздер тізімін беру арқылы - тапсырма автоматты түрде қалыптасады. Мәселен, 7-сыныпқа арналған қазақ әдебиеті пәнінің «Ұрпақ тәрбиесі» бөліміндегі Темірхан Медетбектің «Тәуелсізбін» (Ақтанова, Жүндібаева, Нұрлыбаева,

2017/2025) өлеңі бойынша Рэй атты көмекшіге өлең бойынша мәтін енгізгеннен кейін, ол лезде кроссворд шығарып берді. Edusarlay платформасының Ray ЖИ-көмекшісі арқылы «Тәуелсізбін» өлеңі негізінде әзірленген кроссвордтың үлгісі 2-суретте, ал оның жауаптары мен тапсырма құрылымы 3-суретте берілген.



Сурет 2. Edusarlay платформасының Ray ЖИ-көмекшісі арқылы «Тәуелсізбін» өлеңі негізінде құрастырылған кроссворд үлгісі


Кроссвордтың сұрақтары

Жоғарыдан төмен (Тігінен):

1. Өлеңнің негізгі тақырыбы, халықтың ең басты қазынасы. (Тәуелсіздік)
2. Өлеңде кейіпкер сезінетін бостандықтың синонимі. (Азаттық)
3. Өлеңде ішкі сезімнің ауырлығын білдіретін сөз. (Шерлі)
4. Қиындықтан, қысымнан шығу. (Құтылу)

Солдан оңға (Көлденең):

5. Өлеңде адамның рухын білдіретін сөз. (Жан)
6. Өлеңде қуаныш сезімін білдіретін сөз. (Қуаныш)
7. Өлеңде еркіндік пен шектеусіз өмірді сипаттайтын сөз. (Бостандық)
8. Кейіпкердің қайғы мен қуаныштан төгілетін сұйықтық. (Көз жас)
9. Ұрпақты білдіретін сөз. (Балама)
10. Ұйымдастыру, қалыптастыру мағынасындағы сөз. (Құру)



Сурет 3. Edusarlay платформасында Ray ЖИ-көмекшісі арқылы жасалған кроссвордтың жауаптары мен тапсырма құрылымы

Educarlay платформасы көркем шығармаларды оқытуда мәтінге сүйенген интерактивті ресурстар арқылы білім беру процесін тиімді әрі тартымды етеді. Платформа мұғалімге сабаққа дайындықты жеңілдетіп, бағалау жүйесін ұйымдастыруға көмектеседі, сонымен қатар оқушылардың мәтінмен жұмыс істеу, түсіну және талдау қабілеттерін арттырады. Оның қолданылуы оқушылардың танымдық белсенділігін күшейтіп, сыни ойлау дағдыларын дамытуына ықпал етеді.

Questgen.ai. Мәтін негізінде түрлі типтегі тесттер мен сұрақтар генерациялайтын ЖИ құралы. HOTS (жоғары деңгейлі ойлау) сұрақтарын құра алады: талдау, салыстыру, бағалау. Сұрақ форматы: multiple choice, fill-in-the-blanks, true/false, comprehension questions. Questgen.ai – жасанды интеллект технологиясына негізделген сұрақтар мен тапсырмалар генерациялайтын білім беру платформасы. Ол мәтінді талдап, түрлі форматтағы оқу тапсырмаларын (тест, дұрыс/бұрыс, бос орынды толықтыру, жоғары деңгейлі сұрақтар) құрастырады. Платформаның басты мақсаты – мұғалімнің жұмысын оңтайландыру және оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға көмектесу.

Мұғалім мәтінді жүктегеннен кейін Questgen.ai сол мәтін бойынша тесттер, түсіну сұрақтары, жоғары деңгейлі ойлау тапсырмаларын жылдам жасайды әрі уақытын үнемдейді. Сұрақтар оқу мақсатына сай жасалатындықтан, мұғалімнің сабақ мазмұны ғылыми негізде құрылады.

Мәтінге тікелей байланысты сұрақтар оқушының шығарманы толық, дәл және саналы түрде оқып шығуын талап етеді. Платформа HOTS сұрақтарын (талдау, салыстыру, баға беру) генерациялайтындықтан, оқушының аналитикалық ойлау қабілеті дамиды. Түрлі форматтағы тапсырмалар (жасырын сөз, сәйкестендіру, көп таңдаулы тест) оқу процесін ойын элементтерімен біріктіріп, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын күшейтеді.

Мысалы, платформа 8-сыныпқа арналған қазақ әдебиеті пәнінің «Қиял мен шындық» бөліміндегі Тахауи Ахтановтың «Күй аңызы» (Ақтанова, Жүндібаева, Жүмекенова, 2018) бойынша тест құрастырды:

1. Естемес күйші ауыл көшіп кеткеніне неліктен сенімді болды?

- A. Ауылда бірде-бір адам көрінбейді деді.
- B. Ипан тауын білмеймін деді.
- C. Қызыл қоржында домбыра жоқ деді.
- D. **Жазықта мал көрінбейді деді.**

2. Нардың ботасы өлгенін Естемес күйшіден басқа алғаш кім байқады?

- A. **Нардың зары арқылы Естемес айтып берді.**
- B. Жаңыл қыз байқады.
- C. Шал айқайлап айтты.
- D. Оразымбет өзі айтты.

3. Естемес күйін толық орындап шығуға не кедергі болған еді?

- A. Қолының саусақтары жарақат алған соң тоқтады.
- B. Домбырасының ішегі үзіліп қалды.
- C. Аттары мазасызданып кетті.
- D. **Ойы толығып жетпегендіктен тоқтады.**

4. Естемес шалдан не сұрады?

- A. Құндыз бөрік беруін сұрады.
- B. Жаңылдың су әкелуін сұрады.
- C. Нарды өзіне беруді сұрады.
- D. **Жаңылды қалыңдық етіп беруді сұрады.**

5. Жаңыл қыз нарды қалай жібітуге тырысты?

- A. Нарға қайнардан су әкелді.
- B. Нарға ән салып берді.
- C. **Мойнынан құшақтап, басынан сипады.**
- D. Домбыра тартып көрсетті.

6. Естемес күйін қай кезде толық орындап шықты?

- A. Жолда адыр үстінде отырғанда.
- B. Шалдың үйіне келіп, нардың алдында тартқан кезде.
- C. Жаңыл су ұсынғанда.
- D. Ауыл көшіп кеткенін білгенде.

7. «Нар идірген» күйінің шығу себептерінің бірі не деп айтылады?

- A. Ботасы өліп, суалмай қалған нарды күймен идіру.
- B. Ауылда тойда күй ойнату.
- C. Естемес шәкіртіне сыйлық тарту.
- D. Домбыра жарысының нәтижесі.

Questgen.ai платформасы көркем шығармаларды оқытуда тиімді құрал. Оның сұрақтарды автоматты генерациялау жүйесі мұғалімнің әдістемелік мүмкіндігін кеңейтіп, оқушылардың оқу материалын меңгеру деңгейін арттырады. Платформаның өзгешелігі - мәтінді терең талдауға мүмкіндік беруінде. Сондықтан Questgen.ai қазіргі цифрлық білім беру кеңістігінде педагогикалық үдерісті оңтайландыруға бағытталған тиімді инновациялық ресурс.

Қазіргі білім беру жүйесінде цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы оқытудың жаңа әдістерін талап етеді. Жасанды интеллект технологияларының педагогика саласына енгізілуі мұғалім жұмысын автоматтандыруға, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге және оқу материалын тиімді меңгеруге жағдай жасайды. Солардың бірі – MagicSchool.ai платформасы. Бұл құрал оқу үдерісін жеделдетіп қана қоймай, көркем шығармаларды оқытудағы әдістемелік мүмкіндіктерді кеңейтеді.

Magicschool.ai. Мұғалімдерге арналған кешенді ЖИ құралы. Тапсырма генерациясы, мәтінді жеңілдету, мысалдар құру, сараланған тапсырмалар дайындау, жазылым дағдысын дамытуға арналған тапсырмалар жасау сияқты функциялары бар.

Magicschool.ai платформасы – қазіргі заман мұғалімдеріне арналған инновациялық онлайн-платформа. Ол жасанды интеллект технологиясына сүйене отырып, оқу материалдарын автоматты түрде құрастырады, талдайды әрі жеңілдетіп түсіндіреді. Платформаны көркем шығармаларды оқытуда өте тиімді, себебі әдеби материалдарды жан-жақты талдауға, мазмұнын қысқартуға немесе шығармашылық тапсырмалар ұсынуға көмектеседі. Оның ерекшелігі – оқу материалының мазмұнын құрастырып қана қоймай, күрделі мәтіндерді түсінікті тілге бейімдеп, оқушылардың деңгейіне сәйкес түрлі оқу тапсырмаларын генерациялау.

Платформа оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытады. Шығарманы өзгертіп жазу, рөлдік ойындар, эссе құрастыру, диалог құру сияқты шығармашылық тапсырмаларды орындау арқылы қиялы, тілдік қоры және өзіндік көзқарасы дамиды. Интерактивті, визуалды, қызықты тапсырмалар оқу процесін тартымды етеді. Нәтижесінде оқушының сабаққа деген қызығушылығы жоғарылайды. Платформа ұсынатын тесттер, викториналар, қысқа тапсырмалар арқылы оқушы өз білім деңгейін дереу тексеріп, қателерін көре алады.

Magicschool.ai аз уақыттың ішінде берілген тақырыпқа сәйкес түрлі деңгейдегі сұрақтарды автоматты түрде генерациялауға қабілетті. Бұл функция мұғалімге оқу материалын тиімді құрылымдауға, оқушылардың түсіну деңгейін бағалауға және сабақ мазмұнын әртараптандыруға мүмкіндік береді. Мысалы, 9-сыныпқа арналған қазақ әдебиеті пәнінің «Атадан қалған асыл сөз» бөлімінде Әнет бабаның «Не арсыз? Не ғайып? Не даусыз?» (Ақтанова және т.б., 2019) тақырыбына мынадай 5 тапсырмалар тізімін жасады:

1. Сұрақтарға жауап беріңіз:

Мәтінде қандай үш нәрсе «арсыз» деп аталады және неліктен Әнет бабаның пікірінше олар арсыз? Ойыңызды дәлелдеңіз.

2. Салыстырмалы кесте. Кестені толтырыңыз. Әнет бабаның «Не арсыз? Не ғайып? Не тәтті? Не күшті?» тұжырымдарын салыстырмалы тұрғыдан талдау 1-кестеде ұсынылған.

Кесте 1 – Әнет бабаның «Не арсыз? Не ғайып? Не тәтті? Не күшті?» тұжырымдары бойынша

салыстырмалы талдау	
Мәтінде көрсетілген мысалдар	
Үш арсыз	...
Үш ғайып	...
Үш тәтті	...
Үш күшті	...

3. Ойтолғау:

Әнет баба «қадірсіз» деп – адамның жас кезінде қадірін білмей, кейін өкінетінін айтады. «Қадірсіз» деп аталған үшеуінің бірін таңдап, оның құндылығын неге байқамауы мүмкін екенін және оны ертерек бағалауды қалай үйренуге болатынын түсіндіретін шағын эссе (5-7 сөйлем) жазыңыз.

4. Терминдермен жұмыс:

Мәтіндегі «Жеті қазына» тіркесі нені білдіретінін түсіндіріп, Әнет баба «Жеті қазына» деп отырған жеті затты атаңыз. Неліктен оның ойынша, әйел бірінші орында тұруы керек?

5. Шығармашылық тапсырма:

Сіз өзіңізді Әнет бабаның даналығын мектеп оқушыларына шағын нақыл түрінде айтып беретін данышпан ретінде елестетіңіз. «Жеті жетім» және «Жеті қазына» туралы негізгі ойды жасөспірімдер түсінетін қарапайым тілмен және өмірден бір мысал келтіре отырып, 6–8 сөйлеммен ойыңызды айтыңыз.

Magicschool.ai осы тапсырмалар арқылы оқушылардың мәтінді түсіну, салыстыру, интерпретация жасау, сын тұрғысынан ойлау, өз ойын жазбаша жеткізу дағдыларын жүйелі түрде дамытуға мүмкіндік береді. Платформа құрастырған сұрақтар көркем мәтіннің мазмұнына тікелей сүйеніп, оқушылардың дәлелді жауап беру дағдысын қалыптастырады, ал шығармашылық тапсырмалар оқушылардың қиялын, жеке көзқарасын дамытуға жағдай жасайды.

Жалпы алғанда, Magicschool.ai платформасының генерациялаған тапсырмалары қазақ әдебиеті сабағында қолдануға әдістемелік тұрғыдан толық жарамды, оқыту мақсатына сәйкес және оқу материалының мазмұнын терең меңгеруге бағытталған. Бұл платформа мұғалім еңбегін оңайлатып қана қоймай, оқушылардың әдеби-танымдық құзыреттілігін жетілдіруге ықпал ететін тиімді цифрлық құрал.

4. Талқылау

Зерттеу барысында әрбір ЖИ платформасының мектеп бағдарламасындағы көркем шығармаларды оқытуда қолдануға болатын әдістемелік мүмкіндіктері жүйеленді. Негізгі нәтижелер төмендегідей:

1.Llamagen.ai:

– көркем мәтін мазмұнын визуализациялау арқылы оқушының қабылдауын жеңілдететіні анықталды;

– комикс пен сюжет желісін көрнекі көрсету оқушының оқиға логикасын қадағалу дағдысына ықпал етеді.

2.Educarlay:

– интерактивті тапсырмалар (кроссворд, сәйкестендіру, тест) мәтін мазмұнын бекіту мен қайталаудың тиімді құралы бола алатыны көрсетілді;

– Ray ЖИ-көмекшісі оқу материалын жылдам өңдеуге мүмкіндік береді.

3.Questgen.ai:

– мәтіннің мазмұндық құрылымын талдау арқылы түрлі деңгейдегі сұрақтар автоматты жасалатыны анықталды;

– HOTS форматындағы сұрақтар оқушының аналитикалық және бағалау дағдыларын дамытуға бағытталады.

4.Magicschool.ai:

– сараланған тапсырмалар ұсыну арқылы әртүрлі деңгейдегі оқушыларға жеке бағытталған жұмыс жасауға болатыны байқалды;

– оқу мазмұнын түсіндіру және қайта жазу функциялары мәтінді меңгертуді жеңілдетеді.

Бұл нәтижелер платформалардың сипаттамасы емес, оларды сабақта қолдануға болатын нақты әдістемелік функциялар түрінде жүйеленді.

ЖИ платформаларын талдау нәтижесінде олардың көркем шығармаларды оқытуда дамытатын негізгі дағдылары мен ұсынатын әдістемелік мүмкіндіктері анықталды. Платформалардың оқыту үдерісіне әсері төмендегі кестеде жүйеленді. ЖИ платформаларының негізгі функциялары мен олардың оқушы дағдыларын дамытудағы мүмкіндіктері 2-кестеде берілген.

Кесте 2 – ЖИ платформаларының негізгі функциялары мен оқушы дағдыларын дамытудағы мүмкіндіктері

Платформа	Негізгі функциясы	Дамытатын дағдылары
Llamagen.ai	Комикс, визуализация	Қиял, мәтінді елестету, оқиға логикасын түсіну
Educarplay	Интерактивті ойындар	Аналитикалық ойлау, есте сақтау, мотивация
Questgen.ai	Тест және сұрақ генерациясы	Түсіну, талдау, салыстыру, бағалау (HOTS)
Magicschool.ai	Сараланған тапсырмалар	Сыни ойлау, интерпретация, жазылым, мәтінмен жұмыс жасау

Magicschool.ai платформасы мәтінге негізделген тапсырмалар мен сұрақтарды автоматты түрде генерациялау арқылы мұғалімнің әдістемелік жүктемесін азайтып, сараланған оқытуды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Questgen.ai оқушылардың түсіну деңгейін анықтайтын тесттер мен викториналарды жылдам құрастырып, бағалау процесінің объективтілігін күшейтеді. Educarplay интерактивті жаттығулар, ойын үлгісіндегі тапсырмалар мен визуалды элементтер арқылы оқу материалын тартымды етіп, оқушының қызығушылығын арттырады. Ал Llamagen.ai көркем мәтіндегі кейіпкерлер, оқиғалар мен көріністерді визуализациялап, комикс пен анимация түрінде беру арқылы мәтінді тереңірек қабылдауға жағдай жасайды.

Аталған платформалар бір-бірін толықтыра отырып, оқытудың заманауи моделін қалыптастырады: оқу материалының қолжетімділігі артады, оқушының шығармашылық, аналитикалық және сын тұрғысынан ойлау қабілеттері дамиды, мұғалімнің сабақ жоспарын дайындау уақыты қысқарады.

Жалпы алғанда, Magicschool.ai, Questgen.ai, Educarplay және Llamagen.ai платформаларын кешенді қолдану көркем шығармаларды оқытудың инновациялық әдістерін кеңейтеді, білім сапасын арттыруға, оқытудағы визуалды-коммуникативтік мүмкіндіктерді күшейтуге және цифрлық педагогика талаптарына сай білім беру тәжірибесін жетілдіруге ықпал етеді. Бұл ресурстар жаңа формадағы педагогикалық экожүйені қалыптастырып, оқу үдерісін заманауи, тиімді және оқушыға бағытталған деңгейге көтереді.

5. Қорытынды

Зерттеу барысында жасанды интелектіге негізделген цифрлық платформалардың (Magicschool.ai, Questgen.ai, Educarplay, Llamagen.ai) көркем шығармаларды оқытудағы рөлі мен әдістемелік әлеуеті кешенді түрде қарастырылды. Кіріспеде қойылған мақсат – аталған платформалардың әдеби білім берудегі функционалдық мүмкіндігін анықтау және олардың оқушылардың шығармашылық, аналитикалық және сыни ойлау қабілеттерін дамытудағы ықпалын бағалау – мақсатына сәйкес қарастырылды. Теориялық талдау, салыстырмалы сипаттама және нақты практикалық мысалдарға сүйене отырып әдістемелік мүмкіндіктері айқындалды, нәтижесінде платформалардың оқу үдерісін интерактивті, визуалды және шығармашылық тұрғыдан байыту әлеуеті анықталды.

Зерттеу көрсеткендей, ЖИ платформаларын кешенді қолдану мұғалімнің әдістемелік

жүктемесін азайтып, оқушылардың мотивациясы мен танымдық белсенділігін арттыруға, оқу материалын терең меңгеруге және жеке оқу траекториясын құруға ықпал етеді. Сонымен қатар, платформалардың әрқайсысының ерекшеліктері мен артықшылықтары айқындалып, олардың сабақ жоспарлау мен бағалау процесінде қолдану тиімділігі сипатталды.

Келешекте осы тақырып аясында зерттеулерді кеңейту мақсатында келесі бағыттар ұсынылады:

- ЖИ платформаларының әртүрлі жас және білім деңгейіндегі оқушыларға әсерін салыстырмалы түрде зерттеу;
- Көркем шығармаларды оқытуда платформаларды интеграциялаудың ұзақ мерзімді педагогикалық нәтижелерін бағалау;
- ЖИ құралдарын әдебиетпен қатар басқа гуманитарлық пәндерде қолданудың әдістемелік моделін жасау.

Осылайша, зерттеу нәтижелері әдеби білім беруде цифрлық педагогиканы дамытуға ғылыми негіз беріп, ЖИ технологияларын тиімді қолданудың практикалық және теориялық маңыздылығын көрсетті.

Жұмысымыздың болашақ бағдары ретінде ЖИ платформаларын көркем шығармаларды оқытуда ұзақ мерзімді педагогикалық әсері және әртүрлі жас топтарындағы оқушыларға әсерін салыстырмалы тұрғыдан талдау жасауды қарастырамыз.

Қаржыландыру туралы мәлімет

Зерттеу сыртқы қаржыландырусыз орындалды.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысы жоқ екенін мәлімдейді.

Авторлардың үлесі

Ж. Құмарова – мақала дизайны, тұжырымдамасы, идеясы, ақпарат жинастыру. А.А. Ақболатов – деректерді жинау, теориялық материалдарды талдау.

Деректердің қолжетімділігі

Бұл мақалада қолданылған деректер авторлардың сұрауы бойынша қолжетімді.

Деректердің қолжетімділігі

Мақалада пайдаланылған деректерді автордан сұрау арқылы алуға болады.

Ашық қолжетімділік

Бұл мақала Creative Commons Attribution лицензиясының (<http://creativecommons.org/licenses/by/4.0/>) талаптары мен шарттарына сәйкес ашық қолжетімді түрде таратылады.

Авторлық құқық

Осы мақаланың авторлық құқығы авторларда сақталады, ал журналға мақаланы алғаш жариялау құқығы беріледі.

Әдебиеттер

1. Aktanova, A. S., Zhundibaeva, A., & Zhumekenova, L. (2018). *Qazaq adebieti: 6-synyp oqulygy* [Kazakh literature: Grade 6 textbook]. Atamura.
2. Aktanova, A., Zhundibaeva, A., & Nurlybaeva, Zh. (2025). *Qazaq adebieti: 7-synyp oqulygy* [Kazakh literature: Grade 7 textbook]. Atamura.
3. Aktanova, A. S., Zhundibaeva, A., & Zhumekenova, L. (2018). *Qazaq adebieti: 8-synyp oqulygy* [Kazakh literature: Grade 8 textbook]. Atamura.

4. Aktanova, A. S., Zhundibaeva, A., & Zhumekenova, L. (2019). *Qazaq adebieti: 9-synyp oqulygy* [Kazakh literature: Grade 9 textbook]. Atamura.
5. Aqylbek, A. (2024). *Qazirgi bilim berudegi jasandy intellektin roli* [The role of artificial intelligence in modern education]. *Endless Light in Science*.
6. Alimzhanova, A. A. (2021). *Zhana tehnologiyalar negizinde adebiet panin oqytu* [Teaching literature based on new technologies]. Foliant.
7. Babaeva, S. (2020). *Qazaq tili men adebieti sabaqtarında aqparattyq tehnologiyalardy goldanu* [The use of information technologies in Kazakh language and literature classes].
8. *Bilim berudegi cifrly transformaciya: Adistemelik qural* [Digital transformation in education: Methodological guide]. (2022).
9. Ermekbaeva, G. (2024). *Interaktivti oqytu moduli tehnologiyasynyn qazaq tilin ekinshi til retinde mengertudegi aseri* [The impact of interactive learning module technology on teaching Kazakh as a second language]. *Journal of Education and e-Learning Research*, 3, 519-526.
10. Mukhamedzhanova, A. N. (2020). *Turki halyqtarynyn balalar poeziyasyn oqytudyn innovaciyalıq-tehnologiyalyq erekshelikleri* [Innovative and technological features of teaching children's poetry of Turkic peoples]. *Opción*, 36(91), 551-567.
11. OpenAI. (2025). *ChatGPT (GPT-5.5 version)* [Artificial intelligence language model]. <https://chatgpt.com/>
12. Platov, A. V., & Gavrilina, Yu. I. (2024). Artificial intelligence in education: evolution and barriers. *Higher education in Russia*, 33(1), 167-182.
13. Qudaibergenov, K. Zh. (2021). *Innovaciyalıq pedagogika negizderi* [Foundations of innovative pedagogy]. Almaty.
14. Qudaibergenova, K. S. (2020). *Zamanauı bilim beru tehnologiyalary* [Modern educational technologies]. Raritet.
15. Seitqalieva, G. Zh. (2022). *Mekteptegi adebiet sabaғы: Adis-tasilder men innovaciylar* [School literature lessons: Methods and innovations]. OQMPU Publishing House.
16. Tursynbaeva, A. M. (2022). *Jasandy intellekt zhane bilim beru: Adistemelik nusqaulyq* [Artificial intelligence and education: Methodological guidelines]. Qazaq Universiteti.

Information about the authors

Zhadyra Kumarova – Second-Year Master's Student, Educational Program "Kazakh Language and Literature", M. Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Kazakhstan. E-mail: zhadirakumarova@gmail.com. ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-4490-8779>

Aidarbek Akbulatov – PhD, Associate Professor of the Educational Program "Teacher Training in Language and Literature", M. Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Kazakhstan. E-mail: aidarbek_akbulat@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5507-4144>